



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH
NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ЗАҢ СЕРИЯСЫ


ВЕСТНИК

СЕРИЯ ЮРИДИЧЕСКАЯ

BULLETIN

LAW SERIES

2(74) 2015



ХАБАРШЫ

ЗАҢ СЕРИЯСЫ № 2(74)

ХАБАР
ВЕСТ
BULL

25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Қуәлік №956-Ж.

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Ереженқызы Р., жауапты хатшы

(Қазақстан)

Телефон: +7727-377-33-36;

8-727-377-33-37 (ішкі н. 12-57)

E-mail: rose@mail.ru

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Байдельдинов Д.Л., з.ғ.д., профессор

(бас редактор) (Қазақстан)

Кенжалиев З.Ж., з.ғ.д., профессор

(бас ред. орынбасары) (Қазақстан)

Сартаев С.С., з.ғ.д., академик (Қазақстан)

Тыныбеков С.Т., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Ибраева А.С., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Джансараева Р.Р., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Усеинова Г.Р., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Еркинбаева Л.К., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Жатқанбаева А.Е., з.ғ.д. (Қазақстан)

Трунк А., профессор (Германия)

Монтекило С., профессор (БАӘ)

Бурхард Б., профессор (Германия)

Лисица В., профессор (Ресей)

КАЗАК
УНИВЕРСИТЕТІ
Б А С П А У Й І

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гульмира Шаккозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гульмира Бекбердиева,

Айгерім Иманғалиева

Компьютерде беттеген:

Айгүл Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Мөлдір Өміртайқызы

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ №8572

Басуға 15.08.2015 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 $\frac{1}{8}$. Көлемі 36,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық ба

Тапсырыс №2860. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2015

4
 12
 20
 28
 32
 40
 46
 52
 58
 68
 76
 82
 90
 98
 106
 114
 120
 128
 136

Тайторина Б.А., Байсалова Г.Т.
 Контрольные функции судебной власти в Республике Казахстан: сущность, специфика, перспективы

Бейшеналиев З. Ш., Рахимбаев Э.Н.
 Конституционно-правовой статус и место президента в политической системе Кыргызской Республики

Кочкарова Е.
 Политические партии как институционный фактор становления гражданского общества и их конституционно-правовой статус в Кыргызской Республике.....

Алибаева Г.А., Адилова К.А.
 Қазақстан Республикасындағы президенттік институтының қалыптасуы

Жарболова А.Ж., Тусупова А.Ж.
 1995-2007 жылдарда қабылданған конституциялық-құқықтық заңнаманың өзгешелігі

Жарболова А.Ж.
 Қазақстан Республикасында заң шығару өкілеттігін беру институтының реттелу жағдайы: салыстырмалы талдау

Қажабек Қ.М.
 Әлеуметтік жүйедегі денсаулық сақтау саласын мемлекеттік басқарудың түсінігі және теориялық мәселелері

Жетписов С.К.
 Ведущая роль Президента Республики Казахстан в системе государственного обеспечения прав и свобод человека и гражданина

Андиржанова Г.А., Айдарханова К.Н., Максут Б.К.
 Политико-правовые аспекты развития региона в контексте повышения жизненного уровня казахстанцев

3-бөлім Раздел 3
Азаматтық құқық және Гражданское право и
еңбек құқығы трудовое право

Тыныбеков С.Т., Серім Ғ.Ө.
 Азаматтық құқықтағы заңды тұлға кінәсінің түсінігі

Мукалдиева Г.Б., Худайбердина Г.А.
 Некоторые вопросы ответственности юридического лица по законодательству Республики Казахстан

Мейірбекова Г.Б.
 Азаматтық сот ісін жүргізуге адвокаттың қатысуы: өзекті мәселелері

Белхожаева Д.Ж., Байсымакова Д.С.
 Азаматтық құқықтарды қорғау институтының өзекті мәселелері

4-бөлім Раздел 4
Инвестициялық және Инвестиционное и
қаржы құқығы финансовое право

Нурпеисов Д.К., Байкенжеев А.С.
 Стабильность финансовой системы как условие обеспечения экономической безопасности Республики Казахстан

Куаналиева Г.А., Батыркызы Ж.
 Некоторые вопросы развития законодательства в области страховой деятельности Республики Казахстан

Alimzhanova M.G.
 General principles of the insurance law of the Republic of Kazakhstan

Акимбекова М.А.
 Инвестиционный спор в международном праве

5-бөлім Раздел 5
Табиғи ресурстар және Природоресурсное и
экологиялық құқық экологическое право

Бекишева С.Д.
 Возможности использования международного и зарубежного опыта в правовом регулировании экологического предпринимательства в Республике Казахстан

1995-2007 ЖЫЛДАРДА ҚАБЫЛДАНҒАН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ- ҚҰҚЫҚТЫҚ ЗАҢНАМАНЫҢ ӨЗГЕШЕЛІГІ

Қазақстанның конституциялық даму процесін бірнеше тарихи кезеңге бөліп қарастыруға болады. Ол туралы ҚазҰУ Хабаршысының 2014 жылғы нөмерлерінде жарияланды. Онда көрсеткеніміздей, Қазақстанның конституциялық заңнамасының дамуын келесідей бес кезеңге бөліп қарастырамыз:

- Біріншісі – 1900-1917 жылдарды қамтитын кеңестік заманға дейінгі кезең.
- Екіншісі – 1917 жылдан 1980-жылдардың соңына дейінгі уақытты қамтитын кеңестік кезең.
- Үшінші кезең – 1990-1994 жылдар.
- Төртінші кезең – 1995 – 2007 жылдар.
- Бесіншісі – 2007 жылдың 21 мамырынан бүгінгі күнге дейінгі кезең.

Біз бұл мақалада Қазақстанның конституциялық заңнамасының дамуының төртінші кезеңін, нақты айтсақ 1995 – 2007 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының конституциялық заңнамасының дамуын қарастырамыз. 1995-2007 жылдарды қамтитын бұл кезең Қазақстан Республикасының екінші Конституциясының қабылданылуымен және соған байланысты елімізде саяси және экономикалық реформалардың қарқынының жылдамдатылуымен сипатталады.

1995 жылғы ҚР Конституциясы 1993 жылғы Конституцияның орнына келді. Ол мемлекет пен қоғамның демократиялық негізде жаңаша дамуына, қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық салаларының түпкілікті жаңғыруына негіз қалады. Бұл Конституцияның ең түбегейлі қағидаттарына қысқаша тоқталсақ, 1993 жылғы Конституцияға қарағанда Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы мемлекеттік билікті жүзеге асыру мемлекеттік органдарға берілетіндігін, оның өзінде тек сайланбалы органдарға ғана емес, биліктің үш тармағының барлық органдарына берілетіндігін бекітті. Белгілі ғалым, профессор С.С. Сартасев айтқандай, «ел басқарудың тұрақты да дәйекті формасының негізін қалады» [1, 10]. Экономика саласына қатысты бұл тарихи құжат мемлекеттік меншік пен жеке меншіктің танылып, бірдей қорғалатындығын, азаматтардың жеке меншікке құқығын, оның заңи кепілдігін, кәсіпкерлік қызметтің еркіндігін жариялай отырып қоғамның экономикалық жүйесінің негіздерін бекітті. 1995 жылғы Конституцияның

маңызды тұсының бірі – қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін бекітті. Қазақ ұлтын, оның мәдениетін дамытып, мемлекеттілігін нығайтып, Қазақстан халқының бірлігін бекемдеп, қазақстандық, жалпыазаматтық қауымдастықта қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесінің бекітілуінің маңызы зор болды [2,81].

1995 жылғы Конституция мемлекеттік тетік құрылымына бірқатар жаңалықтар, өзгерістер енгізді. Республика Конституциясы заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарының тұрақтылығын, тиімді жұмыс істеуін және өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін билікті бөлу принципін жариялап, тежемелілік пен тепе-теңдіктің нақты жүйесін бекітті. ҚР Парламенті Қазақстан тарихында тұңғыш рет қос палаталы құрылымда (Сенат және Мәжіліс) құрылды. Әрі ол заң шығару қызметін жүзеге асыратын бірден-бір орган мәртебесінен айырылды. Өкілеттік берілген жағдайда заң шығару құқығы Президентке де тән болды. 1995 жылғы Конституцияға сәйкес ҚР Президенті атқару билігі жүйесінен шығарылып, атқару билігі жүйесін басқару және оның қызметіне басшылық ету құқығы ҚР Үкіметіне тиесілі болды. Сонымен қоса, бұл Конституциямен біртұтас сот билігі құрылып, сот жүйесінің бір бөлігін құраған Конституциялық Соттың орнына ешбір билік тармағына кірмейтін тәуелсіз Конституциялық Кеңес құрылды. Конституцияда бірінші рет жергілікті тұрғын халықпен дербес жүзеге асырылатын жергілікті өзін-өзі басқару танылды. Конституция мемлекеттің жоғары құндылықтары ретінде адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын бекітті.

Жалпы алғанда бұл Конституцияда құқықтық мемлекеттің қалыптастырылу бағыттары, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, соның ішінде жеке адамның жан-жақты қалыптасуына қажетті экономикалық еркіндігі, идеологиялық пен саяси әр алуандығы, халық билігін жүзеге асырудың демократиялық жолдары, экономикалық қатынастардың қызмет етуі әлемдік талаптарға сай бейнеленді.

Конституцияда ҚР Конституциясының ең жоғары заң күші бар екендігі анықталып, оның республиканың бүкіл аумағында тікелей қолданылатыны бекітілді.

Атап кеткеніміздей, біз 1995 жылғы Конституцияның ең түбегейлі қағидағтарын, ережелерін қысқа түрде қарастырдық. Шындығында, бұл Конституцияның мазмұны біз қарастырғаннан әлдеқайда кең және бай. Ол түрлі ғылыми еңбектерде кеңінен зерттеліп, баяндалған.

1995 жылғы Конституцияда бірқатар конституциялық заңдарды қабылдау мәселесі күшті және олардың Конституция күшіне енгеннен бастап бір жыл ішінде қабылдануға тиіс деп белгіленді. Егер Конституцияда конституциялық деп аталған заңдар немесе заң күші бар заңдар ол күшіне енген кезде қабылданып қойылса, онда олар Конституцияға сәйкес келмейді. Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары деп есептелетіндігі анықталды [1-бап 1-б.]. Тиісінше осы конституциялық нормаларға сәйкес Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының негізінде еліміздің демократиялық жолмен құқықтық мемлекетке және нарықтық экономикаға қарай жылжуын бекітті. Бірқатар конституциялық заңдар қабылданып, олардың негізінде мемлекетті басқарудың жаңа тізгіні жүйесі қалыптасты, мемлекеттік-құқықтық жүйенің түбегейлі реформасы жүзеге асырылды. Ол конституциялық заңдар Республика Парламентінің болмауына байланысты ҚР Президентімен қабылданып конституциялық заң күші бар жарлық түрінде жарық көрді. Бірақ Парламентпен қайта қаралып, конституциялық заң нысанында қабылданды. Оларды қабылдау кезектілігі бойынша атап кетсек, ҚР Президентімен қабылданған алғашқы конституциялық акт – «Қазақстан Республикасындағы саяси туралы» конституциялық заң күші бар жарлық болатын. Жаңа Конституция негізінде Республиканың жаңа конституциялық заңнамасын қалыптастыратын Парламент құру үшін азаматтық сайлау туралы заңды қабылдау керек болды. Тиісінше, Президенттің сайлау туралы конституциялық заң күші бар жарлығы 1995 жылғы 28 қыркүйегінде қабылданды. Оның арқасында көп ұзамастан сол жылы 16 қазанда «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық заң күші бар жарлық қабылданды. Парламентті құру ұйымдастырылу тәртібін анықтаған тиісінше заңға сәйкес және Парламент депутаттарын сайлау тәртібін бекіткен атап кеткен сайлау туралы конституциялық заң күші бар жарлық негізінде 1995 жылғы желтоқсанда ҚР Парламентіне сайлау өтті. Президенттің жарлығымен бірінші сессиясы қырымдағы Парламенттің алғашқы сессиясының шақыру 1996 жылдың 3 қаңтарына белгіленді. Бұл Парламент өз қызметінде бірінші заңды 1996 жылы 31 мамырда қабылдады. Оған қоса Республика Президенті жаңа мемлекеттік қызметін еңгізуді қамтамасыз ету үшін, реформаларды жүзеге асыру үшін негіз болған өзге де бірқатар

бірқатар конституциялық нормаларының енгізілуіне қосымша, конституциялық заң күші бар актілер қабылданып, кейіннен қайта қарастырылып, кейіннен қайта қабылданды. Оларды қабылдағанда бұл заңдардың қажеттілігі және оның конституциялық негізінде қабылданып отырғандығына көңіл бөлінді. Оған дейін мемлекеттік механизмдерді жүзеге асыру үшін қажетті заңдар қабылданды.

Конституциялық заң күші бар жарлықтар қабылдады. Президенттің сайлау туралы және Парламенттің құрамын жарлықтардан кейін қабылдаған кезекті актісі «Республикалық референдум туралы» конституциялық заң күші бар жарлығы болды. 1995 жылдың 2 қарашасында қабылданды. Республика Президенті 1995 жылдың желтоқсан айында қатарынан 4 конституциялық заң күші бар жарлық қабылдады: «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (1995 жылғы 18 желтоқсан), «Қазақстан Республикасының сот жүйесі органдарының мәртебесі туралы» (1995 жылғы 22 желтоқсан), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (1995 жылғы 26 желтоқсан) және «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» (1995 жылғы 29 желтоқсан).

Республика Президенті қабылдаған соңғы конституциялық акт – Қазақстан Республикасының Туы мен Елтаңбасының және Әнұранының сипаттамасын, ресми пайдаланылу тәртібін белгілеген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» конституциялық заң күші бар Жарлық болды. Ол 1996 жылдың 24 желтоқсанында қабылданды.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституцияның негізінде көптеген заңдар шығарылып, заңдардың бірқатары өзгеріп, толықтырылды. 1995 жылғы Конституцияның негізінде Парламентпен шығарылған конституциялық заңдар тобындағы аса маңызды заңдар болып Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы», «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Саяси партиялар туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңдар табылады.

1995 жылғы Конституцияның негізінде қабылданған конституциялық заңнамада Қазақстан Республикасы өзін-өзі демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде танытыны, мемлекеттік биліктің бірден-бір басқарушы халық екендігі және Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың теңдестігі әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану принципіне, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылатындығы, Қазақстанның президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет екендігі және басқа да ережелер белгіледі, экономикалық, әлеуметтік және саяси жүйенің негіздері реттеліп, жеке адамның құқықтық жағдайының негізгі қағидаттары анықталды. Басқаша айтқанда, Конституция және оның негізінде қабылданған жоғарыда аталған

актілер түпкілікті, жаңа конституциялық құқықтың қалыптасуына алып келді.

Бұл туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі № 949 Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасында Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының негізінде жаңа конституциялық құқық түзілгендігі ерекше айтылды. Сонымен қатар онда конституциялық-құқықтық құндылықтардың жүйесін және біздің мемлекетіміз бен қоғамымыздың қазіргі саяси дамуына қатысты көзқарастарды білдіретін және кеңестік заманда басым болған мемлекеттік этатистік құқықтан конституциялық құқыққа өтуді қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының жаңа конституциялық доктринасын жасау қажеттілігі туралы мәселе қойылды. Оған қоса, жеке тұлғаның жаңа демократиялық, құқықтық мәртебесімен және Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам құрумен байланысты қатынастарды конституциялық-құқықтық реттеуге қосу арқылы жалпы конституциялық-құқықтық реттеу пәнін кеңейту қарастырылды.

Тұжырымдамада сондай-ақ, ҚР Конституциясының қажетті құқықтық әлеуетті қамтитындығы, ол оның құқықтық нормаларында ғана емес, оның құқықтық идеялары мен принциптерінде де тұжырымдалғандығы айтыла келе Конституцияның негізінде бүкіл құқықтық жүйені қарқынды дамыту қажеттігі белгіленді. Атап айтсақ, онда «Қазақстан Республикасының Конституциясына, халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған принциптері мен нормаларына сәйкес елдің құқықтық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қолданыстағы заңнама одан әрі дамытуды, атап айтқанда қолданыстағы заңдарды кезең-кезеңімен жетілдіруді, сондай-ақ қажет жағдайда қоғамды одан әрі демократияландыру талаптарына және оны әлеуметтік-экономикалық дамыту міндеттеріне сай келетін жаңа нормативтік құқықтық актілер қабылдауды талап етеді», – деп жазылды [4].

«Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы» еліміздің құқықтық жүйесін одан әрі реформалаудың негізгі бағыттары мен мазмұнын айқындап берді.

Қазақстанның конституциялық заңнамасының дамуының төртінші кезеңі сонымен қоса Қазақстанның халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған принциптері мен нормаларына, халықаралық стандарттарға ұлттық заңнаманы және құқық қолдану практикасын сәйкес келтіруді қамтамасыз ету бойынша өзіне міндеттеме

ала отырып БҰҰ-ның азаматтық, саяси, экономикалық және мәдени құқықтар туралы негізгі, жетекші халықаралық пактілерін бекіткенімен сипатталады. ҚР Президентінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында (2006) Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіруді мақсат ететіндігі жазылды [5].

Қарастырылып отырылған кезеңнің басты міндеттері болып мемлекеттік биліктің үш тармағының өзара әрекеті кезінде барлық саяси күштердің мүдделерінің балансына қол жеткізу, ҚР Парламентінің рөлін көтеру табылды.

Аталған кезеңде Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесін және конституциялық заңнамасын объективті бағалау, оларды жетілдіруде ары қарайғы бағдарды анықтау, ҚР Парламентінің заң шығару қызметінің тиімділігін көтеру мәселелері өзекті болды.

Сол тұста орын алған саяси процесстер, демократиялық институттарды бекітуге деген қоғамның ұмтылысы Қазақстан Республикасында демократиялық реформалардың бағдарламаларын әзірлеу және нақтылау жөніндегі үш республикалық комиссияны (Тұрақты әрекет ететін жиналыс, демократияландыру мәселелері жөніндегі Ұлттық комиссия және Мемлекеттік Комиссия) құруға және оның белсенді қызметіне байланысты маңызды саяси бастамаларға түрткі болды. Олардың шегінде депутаттар, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері еліміздің саяси жүйесін реформалаудың өзекті мәселелерін бірлесіп талқылады. Оның нәтижесі – мемлекеттік, саяси және қоғамдық институттарды реформалауға бірыңғай әрі біртұтас тұрғыдан келуді көздеген әрі ҚР Конституциясына енгізілген өзгерістерге негіз болған саяси реформалардың Жалпыұлттық бағдарламасы болды. Бұл саяси оппозицияның қызметімен қоса жаңа конституциялық реформаның басталу мүмкіндігінің алғышарттары пайда болғандығы туралы куәландырады.

1995 жылғы ҚР Конституциясына алғаш рет 1998 жылдың 7 қазанында өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 7 қазан 1995 жылғы заңмен Конституцияға он жеті түзету енгізілді. Жалпы түрде тоқталсақ, 1995 жылғы Конституцияға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар сайлау жүйесін жетілдіру, Президенттің өкілеттігі уақытынан бұрын тоқтатылған жағдайда биліктің сабақтас-тығын қамтамасыз ету үшін Сенат пен Мәжіліс-

тің рөлін көтеру, партиялық тізімдер сайланатын депутаттар ретінде саяси партиялар өкілдерінің Парламентке қатысуы мәселелеріне байланысты болды. Бұл партиялардың да саяси және мемлекеттік деңгейдегі, саяси жүйені нығайтудағы рөлін көтерді, олардың халық алдында белсенді ұсыныстары, бірінші рет сайлау жүйесіне өкілдік қағидасын енгізді.

Республиканың қоғам мен мемлекеттің салаларында үлкен жетістіктерге жеткеніне қарамастан, Жолдауында қолданымдағы Конституцияда Негізгі Заң ретіндегі рөлін орындауға тиіс ме деген мәселе жиі қойылды. Бұл мәселе неше жылдар бойы кеңінен талқыланды.

ҚР Президентінің Қазақстан халқына арнаған 2005 жылғы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолдары» Жолдауында және ҚР Президентінің 04 желтоқсан 2005 жылғы «Қазақстан Республикасы Конституциясының әлеуетін одан әрі пайдалануға қол жеткізудің шаралары туралы» Жарлығында 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясының әлеуетін одан әрі пайдалану мәселелеріне назар бөлінді. Жолдауда ҚР Конституцияның әлемде демократиялық қоғамның міндеттеріне сәйкес келетіні танытылғандығы, егер Конституцияға қатысты өзгерістер болып жүрсе, оның Конституцияның мәніне емес оның ережелерінің орындалуына емес болып жүргендігі айтылған болатын [6]. Жалпы жаттарда мемлекет пен қоғамның өмірі үшін және пісіп-жетілген мәселелерді шешуде болған проблемаларды заңнаманың қол жолымен шешу үшін Қазақстан Республикасы Конституциясында ресурстар жеткіліксіздігі айтылған. Бұл пікірді отандық заңгерлердің көпшілігі қолдады.

1995 жылғы Конституция және одан әрі зінде қабылданған аталмыш конституциялық заңнама Қазақстанның жаңа құқықтық мемлекет құруда, мемлекетті нығайтуда, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғауда, демократияны дамытуда, қоғамды, оның институттарын құруды, экономиканы тұрақты дамытуда, тұрақтылықта қамтамасыз ету мен бекемдеуде үлкен рөл атқарды. Оның негізінде конституциялық реформаны тиісті деңгейде жүргізіліп, мемлекеттің билік пен басқаруды жетілдіруде, қоғамды дамытуда, экономиканы дамытуда зор жетістіктерге қол жеткізілді.

аялық тізімдер бойынша ретінде саяси партия-ентке қатысуын кеңейту-ты болды. Бұл заң саяси және мемлекеттік өмір-айтудағы рөлін біршама алдында беделін жоғал-йлау жүйесіне бара-бар-і. м мен мемлекет өмірі-жетістіктерге жетуі жа-Конституция ары қарап-өлін орындауға қабілет-иылды. Бұл мәселе бір-ен талқыланды.

зақстан халқына арна-ан экономикалық, әлеу-жаңару жолында» атты-езидентінің 04.05.2005-публикасы Конститу-әрі пайдалану жөнін-арлығында 1995 жыл-сы Конституциясының-ну мәселелеріне ерек-да ҚР Конституциясы-ық қоғамның негізгі-іні танылып отырыл-ияға қатысты сын ай-туцияның мазмұнына-рындалуына қатысты-н болатын [6]. Бұл кү-ғамның саяси дамуы-мәселелер мен пай-заңнаманы жетілдіру-ақстан Республикасы-ар жеткілікті екендігі-ық заңгерлердің көп-

ия және оның негі-лш конституциялық-а құқықтық жүйесін-да, адам және азамат-тарын кеңейту мен-ымытуда, азаматтық-рын құруда, эконо-тұрақтылықты қам-үлкен рөл атқарды. иаялық реформалар-мемлекеттік билік-қоғамды тұрақтан-уда зор жетістіктер-

Әдебиеттер

- 1 Сартаев С.С. Қазақстан Республикасының Конституциясы – еліміздің тұрақты да гүбегейлі дамуының негізі // Қазақстан Республикасы Конституциясына 15 жыл: теориялық және тәжірибелік мәселелері: ғылыми-теориялық конференцияның материалдары (Алматы, 24 тамыз 2010 ж.). – Алматы: Нур-Принт, 2010. – 10-12-б.
- 2 Кенжалиев З.Ж., Ким В.А.. Қазақстан Республикасында конституциялық заңнаманың дамуы. – Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 120 бет.
- 3 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. – Алматы: Жеті жарғы, 1996.
- 4 Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі № 949 Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U020000949>
- 5 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2006 жылғы 1 наурыз. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында // http://www.akorda.kz/kz/page/page_kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakistan-khalkyna-zholdauy-2006-zhylhy-1-nauryz_1343986805
- 6 ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 2005 жылғы 16 ақпан. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында // <http://el.kz/m/articles/view>

References

- 1 Sartayev S.S. Kazakstan Respublikasynyn Konstitucijasy – elimizdin turakty da tubegejli damuynyn negizi // Kazakstan Respublikasy Konstitucijasyна 15 zhyl: teorijalyk zhane tazhiribelik maseleleri: gylymi-teorijalyk konferencijanyn materialdary (Almaty, 24 tamyz 2010 zh.). – Almaty: Nur-Print, 2010. – 10-12-b.
- 2 Kenzhaliev Z.Zh., Kim V.A. Kazakstan Respublikasynda konstitucijalyk zaңnamanyñ damuy. – Almaty: Zheti zhargy, 2008. – 120 bet.
- 3 Khazakhstan Respublikasynyn Konstitucijasy 30 tamyz 1995 zhyl. – Almaty: Zheti zhargy, 1996.
- 4 Khazakhstan Respublikasy Prezidentinin 2002 zhylry 20 kyrkyjektegi № 949 Zharlygy men makhuldangan Khazakhstan Respublikasynyn Khukhykhtyk sajasat tuzhyrymdamasy // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U020000949>
- 5 Khazakhstan Respublikasynyn Prezidenti N.A. Nazarbaevtyñ Khazakhstan halkhyna Zholdauyi. 2006 zhyl 1 nauryz. Kazakhstan öz damuyndagy zhana serpilis zhasau kharsanynda // http://www.akorda.kz/kz/page/page_kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakistan-khalkyna-zholdauy-2006-zhylhy-1-nauryz_1343986805
- 6 KhR Prezidentinin Khazakhstan halkhyna Zholdauy. 2005 zhylry 16 aqpan. Khazakhstan jekonomikalykh, әleumettik және sajası zhedel zhanaru zholynda // <http://el.kz/m/articles/view>